

Аялай білгін, ардақтап өткін қызды әсем, Анаңды сыйла алдымен, Жұлақтың кілмін іздесең!

Достық – бақыт, ынтымақ – ырыс қайнары

Газет 1935 жылғы наурыздың 15-інен шығады



ТӨЛЕБИ ТҮЙ



ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

№9 (8769) Жұма, 7 наурыз 2025 жыл.

Біздің веб-сайт: <http://www.tolebituy.kz/>

Электронды почта: tolebi_tuy@mail.ru

Көктемнің шуақты мерекесі құтты болсын!

Ардақты аналар мен қыз-келіншектер, аяулы арулар!

Сіздерді жыл мезгілінің ең көрікті де қуанышты сәті, көктемнің шуақты мерекесі 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Әлемдегі барлық жақсылық пен ізгілік бірінші кезекте әйел қауымына тән. Әйел – ошағымыздың ұйытқысы, береке-бірлігіміздің алтын діңгегі. Әйел-ана қашанда ер азаматтарды ерлік пен елдікке, бірлік пен бейбітшілікке жетелеуші, дара тұлға екендігі баршамызға аян. Сондықтан, бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербеткен аналардың қай елде, қандай қоғамда болсын орны ерекше.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының тапсырмасымен көпбалалы аналарға жағдай жасау, әлеуметтік жағдайын жақсарту, ана мен бала денсаулығын сақтау бағытында жүйелі жұмыстар атқарылып келеді. Өңірді әлеуметтік нысандармен, мектептермен, медицина нысандарымен қамту жұмысы да қарқынды. Демографиялық өсімі жоғары аймақта бұл жұмыстар жалғасын табады.

Төлеби ауданында 8 мыңнан астам кәсіпкер болса, оның үштен бір бөлігі – қыз-келіншектер. Төлеби ауданында жұмыс істейтін әрбір үшінші кәсіпкер – незікжандылар. Сонымен бірге қазақтың қайсар қыздары, ардақты аналары білім беру, медицина саласы, мәслихаттарда, жергілікті әкімдіктерде және өзге де салаларда жемісті еңбек етіп жүр. Қоғамның сан саласында елге еңбек сіңіріп жүргендеріңіз үшін шынайы алғысымызды айтамын.

Даңқты жазушы Ғабит Мүсіреповтің «Ана сұлулығы жүзіндегі мейірімінен көрінеді» деген сөзі бар. Сіздер мейірім мен сұлулықтың, ізгілік пен даналықтың қайнар көзсіздер.

Сіздерді төл мерекелеріңізбен құттықтай отырып, ұзақ өмір, баянды бақыт тілеймін! Отбасыларыңыз аман, әр күндеріңіз шуақты болсын! Қызғалдақтай құлпырған қарындастарымыз бақытты, бүлдіршін қыздарымыз аман болсын! Әр отбасыға береке, ынтымақ дарып, қуанышты күндер көп болып, шаңырақтар шаттыққа тола берсін!

Ізгі ниетпен, аудан әкімі **Е.ӘЛІМҚҰЛОВ.**

Полиция бөлімінде – жаңа басшы

Түркістан облысы Полиция Департаментінің бастығы, полиция генерал-майоры **М.Қабденовтың** 2025 жылғы 3 наурыздағы №157 ж/қ бұйрығымен полиция полковнигі **ҚУАШБАЕВ Ғалымжан Саттарұлы** Түркістан облысы ПД Төлеби аудандық полиция бөлімінің бастығы лауазымына тағайындалды.

Ғалымжан Саттарұлы 1979 жылы 15 шілдеде Түркістан облысының Ленгір қаласында дүниеге келген. Ұлты қазақ, білімі жоғары. 1997 жылы Шымкент экономика және құқық колледжін, 2001 жылы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясын бухгалтерлік есеп, құқықтану мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2001 жылы Шымкент қалалық Ішкі істер басқармасы 1-полиция бөлімінде тергеуші болып бастап, 2003-2004 жылдары аға тергеуші, 2004-2006 жылдары аталмыш басқарманың 2-полиция бөлімі тергеу бөлімшесінің бастығы, 2006-2007 жылдары Шымкент қаласындағы Абай аудандық ПД тергеу бөлімінің бастығы болып істеді.

2007-2008 жылдары Оңтүстік Қазақ-



● Тағайындау

стан облыстық экономикалық және сыбайластық қылмысқа қарсы күрес Департаментінің Темірлан аймағы бойынша бастығының орынбасары, 2008-2012 жылдары Астана қаласындағы Алматы аудандық ПД тергеу бөлімінің бастығы, Ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары, 2012-2017 жылдары көліктегі департаменті ақпараттық-талдау орталығы бастығының орынбасары, бастығы, Орал станциясы желілік полиция бөлімінің бастығы, Батыс Қазақстан облыстық ПД криминалдық полиция басқармасының бөлім бастығы, басқарма бастығының орынбасары лауазымдарында қызметін атқарды. 2017-2020 жылдары Оңтүстік Қазақстан облыстық ПД криминалдық іздестіру басқармасы бастығының орынбасары, экстремизмге қарсы күрес және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармаларының бастығы болды. 2020 жылдың маусым айынан Төлеби аудандық полиция бөлімінің бастығы қызметіне тағайындалғанға дейін Түркістан облысы, Ордабасы аудандық полиция бөлімін басқарды.

«Төлеби-ақпарат».

Төлеби аудандық мәдениет үйінде «Қазақ халқына мың алғыс!» тақырыбында мерекелік жиын өтті. Биылғы Алғыс айту күні Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығымен тұспа-тұс келді. Осы айтулы күнге орай аудандық мәдениет үйінде өзбек, неміс және славян этномәдени бірлестіктері

аралық келісім мен тұрақтылықты сақтауға үлесін қосып жүрген азаматтарды Алғыс хатпен марапаттады.

Зертас ауылындағы Шомшақты жалпы білім беретін мектебінде «Елім деген ағаларға мың алғыс!» айдарымен Алғыс

Қазақ халқына алғыс айтты

Қазақстан халқы Ассамблеясының тарихы мен жетістіктерінен сыр шертетін және қолөнер бұйымдарының көрмесін қойды.

Мерекеге жиналғандар ұлттық мәдени орталықтарының қазақ халқына алғысын білдірген бейнематериалды тамашалады.

Жиында аудан әкімі **Е.Әлімқұлов** аудан

айту күніне орай концерттік бағдарлама өткізілді. Аталмыш іс-шараға аудан әкімінің орынбасары **Жанғазиев Бағдатбек Пернебайұлы**, аудандық білім бөлімінің басшысы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Тойлыбаев Бекайдар Адамбекұлы**, облыстық мә-



халқын Алғыс айту күнімен құттықтап, ізгі тілегін арнады. «Бұл мереке әр шаңыраққа қуаныш, бейбітшілік пен амандық әкелсін! Бірлігіміз нығайып, татулығымыз арта берсін!», – деді құттықтау сөзінде **Еркеғали Амантайұлы**.

Салтанатты жиында неміс, түрік, өзбек, күрді, славян, көріс этномәдени орталықтары өз өнерлерін ортаға салып, мерекенің шырайын аша түсті.

Аудан әкімі ауданымыздың саяси және мәдени өміріне белсене араласып, ұлт-

лихат депутаты **Нышанов Қанат Нұрбекұлы**, аудандық мәслихат депутаты **Сейданов Талғат Мекенбайұлы**, Зертас ауылдық округінің әкімі **Үсіп Жақсылық Раушанбекұлы** және **Қ.Мамытов** атындағы мектеп пен балабақша меңгерушілері, ата-аналар, ауыл тұрғындары шақырылды.

Мерекелік шарада ауылдың «Асыл әжелер» тобы мен «Аталар алқасының» мүшелері өз өнерлерін көрсетіп, тамаша көңіл-күй сыйлады. Оқушылар алғыс пен құрмет сезімін білдіру мақсатында шығармашылық қойылымдар көрсетіп, ән салып, би билеп, көрермендерді тәнті етті.

«Төлеби-ақпарат».

Шетелдік инвесторлармен кездесті

Төлеби ауданының әкімі **Еркеғали Әлімқұлов** Қытай мемлекетінен келген инвесторлармен кездесті. Кездесу барысында аудан әкімінің орынбасары **Лесбек Серікбаев** ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы мен ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік, туризм саласындағы потенциалын баяндады.

Кездесуге келген инвесторлар Түркістан облысында бірқатар маңызды жоспарлардың жүзеге асып жатқанын айтып, инвестициялық жобаларымен таныстырды.



Қазіргі кезде инвесторлар Түркістан облысында аквапарк, бес жұлдызды қонақ үй құрылысын жүргізуді қолға алуда.

Кездесуде Түркістан облысының ҚХР-мен тиімді және тұрақты ынтымақтастықты дамыту бойынша маңызды жетістіктерге қол жеткізгені сөз болды. Қытайдың **Вэйнань** қаласының Қазақстандағы Инвестициялық Сауда Ассоциациясы құрылды. Қазіргі кезде облыс аумағында бейнебақылау камераларын шығаратын зауыт салу жоспарлануда.

Кездесуде пилоттық жоба ретінде бірқатар ұсыныстар айтылды. Аудан әкімі инвесторларға мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсетілетінін айтты.

Төлеби ауданы әкімінің баспасөз қызметі.

Саналы ұрпақ болашақ кепілі

Өткен жылы Атырауда өткен Ұлттық Құрылтайда Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев ұрпақ тәрбиесі туралы келесі ойлар айтты. Ұрпақ тәрбиелеу ісінде отбасы құндылықтары мен бабалар жолымен тәрбиелеудің маңызы зор екеніне тоқталды. Сонда ғана жастарымызды ел арасында таралған заманауи қатерлер мен қоғамның дертіне айналған кеселдерден сақтай аламыз деді.

Бала тәрбиесіндегі басты тұлға – ата-ана. Сондықтан бала санасына адалдық, мейірімділік, инабаттылық, едептілік және елі мен жерін сүю секілді қасиеттерді сіңіру әке-шешеден қалыптасады. Өйткені бала көргенін істейді. Ата-ана балаларына ештеңе айтпаса да, мінезі, сөзі, жүріс-тұрысы қандай, соның бәрін бойына сіңіріп алады. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген нақыл сөз тегін айтылмаған. Сонымен бірге балаға ата-анасынан бөлек, өзі өмір сүрген қоғамы, білім алатын мектебі, араласатын ортасы да әсер етеді. Смартфонның да тигізетін ықпалы зор. Яғни, баланың тәрбиесіне, азамат болып қалыптасуына әсер ететін жақсы да, жаман да дүние көп. Дегенмен бала тәрбиесіне ата-анасы жауапты. Егер жастайынан балаға обал-сауапты, адалдықты, тазалықты, «үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» сияқты қасиеттерді ұғындырып отырса, ол бала жақсы азамат болып қалыптасады. Адам есейіп кетсе де, әке-шешесінен алған тәрбиеден, алған өнегесінен алшақ кетпейді. Ата-ана баласына жастайынан Ұлттық тәрбиені сіңіруі керек. Өйткені бабамыздың бай дәстүрі – бәйтеректің тамыршы-сындай. Балаға тәрбие берген кезде сен ұлы халықтың ұланысың, уәжге, сөзге тоқтаған ұлттың баласысың деп құлағына құю керек.

Еңбекке бейімділік, шаруаға епті болу, кәсібилік сияқты қасиеттер балаға ата-анадан, қоғамнан жұғады. Баланың өскенде еңбекқор я жалқау болып қалыптасуы үйдегі тәрбиесіне, әке мен анаға байланысты. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген сөз осындай өмір тәжірибесінен алынған. Балаға көп ақыл айтудың қажеті жоқ. Өзің дұрыс жүріп, ізденіп, адал еңбек етсең, отбасы шаруасына мығым бола білсең, қасыңдағы бала көргенін істейді. Ертеңгі күні ол да әр істің ебін білетін еңбекқор, шаруақор болып өседі.

Сондықтан бала табыс табудың жолы зерделі білім, табанды еңбек екенін, осы екеуін ұштастырғанда ғана мақсатқа жететінін біліп өсуі керек.

Ұлттық тәрбиенің маңызды түрі – баланы жастайынан еңбекке баулу. Біздің балалық шағымыз соғыс, одан кейінгі 50-жылдардың бас кезінде өтті. Анам еңбекқор болатын. Көктемде 25-30 соттық үйіргелік жерін күрекпен аударып, бидай, тары, ноқат, жасымық және картоп егіп алатын. Жаздай оны баптап, суарады. Күзде орып, жинап, бастырып алады. Бидайды диірменге тартып, ұн қылып аламыз. Бұл – бір жылғы азық. Кішкентайымнан анамның қасында жүріп көмектесемін. Жоғары сыныптарда каникулға шыққан соң, колхоздың мал азығына, астық жинау науқанына қатыстық. Сонда еңбектің не екенін түсіндік. Қарап тұрсақ – осының бәрі тәрбие. Ауыл балалары еңбекке бір табан жақын болды.

Қазір не көп, тойдың түрі көп. «Бар жиғаның тойға шашылсын» деген ұран елдің басты ұранына айналды. Тірнектеп жиған дүниені бір сәтте тойға шашады. Елден қалмаймын деп жағдайы келсін, келмесін тырастанады. Тойға шашатын қаржыны баланың дұрыс білім алуына неге жұмсамаймыз? Баланы заманға сай сапалы біліммен қаруландырып, еңбекқор етіп неге тәрбиелемейміз? Баланы жастайына үнемділікке, ұқыптылыққа тәрбиелеуді үйден, мектептен қолға алу керек.

Әрбір азамат қолына бақ-дәулет бітсе, оны ең әуелі халық игілігіне жұмсауы керектігін сезінуі қажет. Елдің жыртқығын жамайтын іске жұмсап, ол – қайырлы дәулет, сауапты іс. Қаратөбе ауылының тумасы Ізетхан Сабаев білім алған мектебінің мәжіліс залындағы ескірген орындықтарды жаңа орындықтармен алмастырып берді. Сондай-ақ мектеп дәліздерін мемлекеттік рәміздерімен, стендтерімен жабдықтап, безендіріп берді. Міне, әрбір азамат Ізетхандай болып, мектебіне, ауылына қамқорлық жасаса, мектеп, ауыл көркейер еді. Сол Ізетханның анасы колхозда бұзаушы болып істеді. Ізетхан сабақтан соң, анасының жұмысына көмектесіп отырды. Еңбектің қадірін жастайынан білді. Ол, міне, бүгінде адал еңбекпен табысқа жетіп отырған кәсіпкер.

Адал еңбек өткен адам ешқашан тәртіп бұзбайды. Заңға бағынады. Адалдықтың тамыры отбасындағы

тәлім-тәрбиесіне тікелей байланысты. Балабақша, мектеп, есейгендегі ортасына қатысты. Сол тәрбие мен адалдық – мемлекеттің бүгінгі мен келешегіне қызмет етуші, тірек. Ел дамуы үшін бүкіл қоғам адал болуы керек.

Президент бастаған біздің қоғамның мақсаты – адалдыққа жету, арамдықпен күрес. Осының бәрі адалдықтан өрбиді.

Бала кезімізде ауылдың қара шалдары: «Балам, біреудің ала жібін аттама!» деп айтып отырушы еді. Осы сөз қарап отырсаң, адал болуға шақырады екен. Яғни, біреудің затына, мүлкіне қол сұқпа, көз алартпа деген сөз екен ғой.

Елдің адал болуы үшін бірінші кезекте азаматтар адал болуы қажет. Мемлекет басшысы Құрылтайда қоғамды аздыратын кеселдерден сақтандыру және осыны тыятын заңдарға мұрындық болуы ұрпақ тәрбиесіне тікелей қатысты. Адалдықтың, тәлім-тәрбиенің жарқын көрінісі қазақтың салт-дәстүрі мен мәдениетінің рухында тұр. Сол үшін қазақтың даналығын үйрететін мектеп бағдарламасына арнайы сабақ енгізілуі керек. Өйткені жасынан тыңдаған дүниені бала ешқашан ұмытпайды. Президенттің жүйесін айтып, іске асырып келе жатқан адал азамат, адал еңбек, адал қоғам қағидаты ел ішіндегі жат қылықтарды, масылдық пен жөнсіздікті мейлінше азайтуға бағытталған.

Баланың азаматтық тұлғасының қалыптасуы отбасы мен мектеп ынтымақтастығына байланысты. Жас ұрпаққа сапалы білім мен тәрбие беру ісі – отбасы мен мектептің қоғам алдындағы ортақ міндеті. Жас ұрпаққа дұрыс тәрбие беру әуелі отбасының, одан кейін мектеп мұғалімдерінің бірлесіп отырып атқаратын киелі парызы. Алайда мұндай ынтымақтастық екі жақтан да дұрыс атқарыла бермейді. Бір-біріне көңілі толмайды.

Ұрпақ тәрбиесінің Ұлттық Құрылтай мінберінен айтылуы – көкейкесті дабыл. Сондықтан бұл елдік істе қоғам өз жауапкершілігін терең түсінуі керек.

К.ЕЛІКБАЕВ.

«Төлеби туы» 90 жылдан бері аудан тұрғындарымен тығыз байланыс жасап, шежіремізден сыр тарқатып, оқырман қауымның үні, сырласы болып келсе, осы бір ғасырға жуық уақыт аралығында газет редакциясында көптеген асыл жандар – қыз-келіншектер, аналар ер азаматтардан қалыспай, білек сыбана қызмет атқарды.

Қазақ ер азаматтары отбасы қамымен үнемі сыртта жүретіндіктен, түздің адамы дейді. Отбасы мен ошақ қасындағы барлық тірлікті, үй шаруасын, мұнымен қоса бала тәрбиесін аналарымыз өз мойындарына алып, қандай қиындықты болса да, қайыспай көтерген. Кеңестік заман ел тізгінін ұстап, әйел затына ер азаматтармен бірдей теңдік алып бердік деп бүкіл әлемге жар салғанымен аналарымыздың, әпке-қарындастарымыздың мойнына артылар жүкті бұрынғыдан да ауырлата түсті. Олар күні бойы түрлі салада тынбай жұмыс істеп, үйлеріне әбден сілесі қатып шаршап келгенде, шаңырақтарында ас-ауқаттан бастап ешқашан бітпейтін үй шаруасы күтіп тұрды. Әйел затына қатысты күнделікті күйбең тіршілігімізді еске түсіруіміздің өзіндік себебі бар. Журналистер газет пен журнал редакциясында қызмет атқарумен қатар, үнемі өндіріс орындары мен шаруашылықтарда болып, ел аралап, халықпен жүздесіп дегендей, жолсапарда жүреді. Бір сөзбен айтқанда, бұл мамандықтың иесі – үйдің емес, нағыз түздің адамы. Ер азаматтарға үйінде бірнеше күн болмай, жолсапарда жүруі дағдылы жағдай, сырт көзге де қалыпты көрінеді. Егер қыз баласы журналист мамандығын тандаса, отбасын құрғаннан кейін редакциядағы ой мен санаға зіл батпан салмақ салатын күнделікті жұмысын айтпағанда, қызмет бабындағы жолсапарлар, отбасы қамы оларға оңай тие қоймасы анық.

Газет редакциясында көптеген қыз-келіншектер қызмет атқарды. Олардың

«Төлеби туының» арулары

бөрінің бірдей есімдерін атап өту әсте мүмкін болмаса керек. Дегенмен, 8 Наурыз – аналарымыздың, ару қыздарымыздың мерекесіне орай олардың кейбірі туралы бірер ауыз жылы лебізімізді білдірсек, артық болмас деп ойлаймын.

«Төлеби туының» 90 жылдық тарихында Зейнегүл Қатшыбекованың (Сейсенова) алар орны ерекше. Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген ол «Төлеби туында» тілші, бөлім меңгерушісі, бас редактордың орынбасары қызметтерін орыс тілінде жазды. Сондай-ақ қазақ тілінде дайындалған ең күрделі материалдардың тілін, нәрін, бояуын бұзбай орыс тілінде сөйлетті. Редакция жұмысы Зина деп атайтын Зейнегүлдің ер азаматтарға төн қайсар мінезі де бар еді. Кейіннен З.Қатшыбекова отбасы жағдайына байланысты Алматы қаласына қоныс аударды. Қазақстан Халықтары Ассамблеясының екі тілде жарық көретін «Дружба» – «Достық» халықаралық журналының бас редакторы қызметін атқарып келеді.

«Төлеби туы» газеті редакциясында «Секретариат», «Партия тұрмысы», «Ауыл шаруашылығы», «Өнеркәсіп», «Мәдениет және тұрмыс, еңбекші хаттары» сияқты бірнеше бөлім жұмыс істеді. Өнеркәсіп бөліміне Тамара Степановна Лим меңгерушілік жасады. Қаладағы өндіріс орындарының тыныс-тіршілігінен хабардар ету Тамараның мойнына артылды. Кәрістің қызы өзіне жүктелген міндетті жауапкершілікпен атқарды. Оның орыс тілінде дайындаған материалдарын қазақ тіліне аударатынбыз. Ашығын айтқанда, орыс тілінде жазатын өзге журналистермен салыстырғанда, аудармаға келгенде,

Т.Лимнің тілі бізге ауырлау соғатын.

Машинке басатын апамыз марқұм Құрманкүл Байболованың жасы бөрінен үлкен болатын. Сондықтан ол кісіні бүкіл ұжым құрмет тұтатынбыз. Қолжазбамен салыстырып оқушы марқұм Күлзінат Әзімбаеваның жарқын бейнесі әлі есімізде. Орыс тілінде жарияланатын мақалаларды машинкеге Тамара Ивановна Грушко басатын. Өзі Украинаның бойжеткені. Бұрындары Алатау ауылында тұрып, еңбек еткен Грушолардың келіні. Ұлы Отан соғысында бұл әулеттен Василий Семенович Грушко деген Кеңестер Одағының Батыры шыққан. Күн сайын таңертеңнен кешке дейін машинке басушылардың қолы бір сәтке қалт етіп босамайтын. Машинкелерінің жанында кезек күткен материалдарымыз үйіліп жататын.

Газет редакциясында ұзақ жылдар бойы табан аудармай қызмет атқарған ардагерлеріміздің бірі корректорымыз – Қалима Қасымқызы Әбдрахманова.

Редакцияда ұзақ жылдар бойы жұмыс істеп, құрметті еңбек демалысына шыққан бас есепшілер Бақыт Иркитова мен Алтынай Ізтілеуованың алар орны біз үшін бөлек. Бір айта кететіні, Бақыт қарындасымыз бас есепші қызметін атқарумен қатар, қажет кезінде газет беттеуші, дизайнер, корректор сияқты жауапты қызметтерді қоса атқара беретін ең білікті мамандарымыздың бірі болды. Ленгіндегі арнайы дарынды балалар мектебінде ұстаздық етіп, зейнеткерлікке шыққан Қызбала Мырзалиеваның шежіремізді түгендеуге қосқан өз үлесі бар.

Қаламының желі бар журналист қыздарымыздың бірі – Раушан Баударбекова болатын. Ол да «Төлеби туында» қаламын үшкірлеп, отбасын құрып,

ұясынан ұшып, қиясына қонған журналистеріміздің бірі.

Қоңына қалам ұстаған аруларымыздың арасында «Аманат» партиясы Түркістан облыстық филиалының баспасөз хатшысы Назгүл Назарбекова («Айқын» газетінің Түркістан облысы бойынша тілшісі), «Төлеби таңы» газетінің бас редакторы Дина Хангелдиева қаламдарын «Төлеби туында» үшкірлеп, қияға қанат қақты. Мемлекеттік қызмет саласында аудан тұрғындарына қызмет көрсетіп жүрген Аягөз Сүлейменова, Мәдина Хангелдиева, Ботагөз Пернеқұлова және басқа да қарындастарымыз осы қара шаңырақта тәлім мен тәрбие алды.

«Төлеби туы» газеті редакциясында қанаттарын қатайтып, облыстық республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында қызмет етіп жүрген төлебилік аруларымыздың бәрін мақтан тұтамыз. Осы шағын мақала арқылы «Төлеби туында» қызмет атқарған ару жандардың бөрінің бірдей есімдерін атап, түгелдей қамту әсте мүмкін емес. Әйтсе де, олардың әрқайсысының алар орны біз үшін бөлек.

Бүгінде ауданның 90 жылдық шежіресін одан әрі жалғастырып жазуға бөлім меңгерушісі Ақжан Иманалиева көп үлес қосып келеді. Бас есепші Жанар Ережепованы, дизайнеріміз Нұргүл Мамытханованы, жалпы «Төлеби туының» барлық аруларын аналар, қыз-келіншектер, көктем мерекесімен құттықтаймыз!

С.ОРЫНБАСАР.





8-наурыз — Халықаралық әйелдер күні

Зайырлыды, Жанашыр Жан

Балабақша тәрбиешісі мамандығын игерген адам өзінің күнделікті жұмысында баланың білім алуына және тұлғалық жетілуіне негіз болатын тәрбиенің іргетасын қалап, олардың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Балалардың санасына адамгершілік, рухани құндылықтарды сіңіретін алғашқы ұстазы болып табылады. Жақсы тәрбиеші болу үшін, әрине, тек теориялық біліммен ғана емес, сондай-ақ күнделікті практикалық дағдылармен де қарулануы қажет.

Бүгінгі мақала кейіпкері Оразымбетова Дидар Сахіббекқызы – балалармен жұмыс істеуде мол тәжірибе жинақтаған, әртүрлі жағдайларда тез шешім қабылдай алатын, мейірімді тәрбиеші, нағыз кәсіби маман. Ол Ленгір қаласында туып-өскен, №2 Ш.Уәлиханов атындағы мектептің түлегі. Ең алғаш еңбек жолын бастаған Ленгір қаласындағы «Қарлығаш» балабақшасында табан аудармай, 40 жылдан астам уақыттан бері бүлдіршіндерге тәлім-тәрбие беріп келеді. Дидар апай 2023 жылдың қорытындысы бойынша облыста «Жыл үздігі» атанса, өткен жылдың қорытындысы бойынша Төлеби ауданының «Жыл үздігі» номинациясын иеленді. Ұрпақ тәрбиесіндегі ұзақ жылғы еңбегі бағаланып, аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі марапаттарға ие болып жүр. Атап айтқанда, 2019 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасын, 2020 жылы Түркістан облысы білім басқармасының, 2021 және 2023 жылдары Төлеби аудандық білім бөлімінің Алғыс хатына, сондай-ақ 2022 жылы облыстық білім беруді дамыту орталығының марапатына ие болған.

Балалармен тіл табысуды меңгерген тәжірибелі тәрбиеші олардың дүниетанымын кеңейтуді, білім беру үдерісін қызықты әрі тиімді жүргізуді мақсат тұтады. Ол әр баланың мінез-құлқын, көңіл-күйін ескере отырып, баланың өзіндік дағдыларын ашып, шығармашылық

• **Таныс болыңыз: Жыл үздігі**

Бала тәрбиесінде – 40 жыл



қабілеттерін дамытуға ден қойған. Қырық жылдық еңбек тәжірибесі бар тәрбиеші өзін жетілдіріп, кәсіби дамуға ұмтылуын тоқтатқан емес. Ол оқу бағдарламаларын, тәрбие әдістерін, педагогикалық тәсілдерін уақыт өткен сайын жаңартып, балалардың дамуына қолайлы жағдай жасайды.

Дидар Сахіббекқызы – мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің педагогтарына арналған «Ойын арқылы баланың логикалық ойлау қабілетін дамыту» тақырыбындағы құнды әдістемелік құрал авторларының бірі. Тәжірибелі әріптес ретінде ұжымда жас мамандарға білгенін үйретуден, ақыл-кеңес беріп, тәлімгер болудан жалыққан емес. Ардагер педагог облыстық тамыз конференциясында, сондай-ақ тәжірибелі семинарларда, республикалық педагогикалық журнал мен ғылыми-әдістемелік басылымдарда өзінің мол тәжірибесімен бөліскен.

Дидар апай отбасында аяулы жар, Құдай қосқан қосағының сенімді серігі, ұл-қыздарына өнегелі тәрбие беріп, өсіріп-өндірген мейірімді ана. Әбутәліп есімді ұлы агроинженер мамандығы бойынша білім алып, қазіргі таңда Шымкент қаласындағы жеке компанияда қойма логистикасы маманы болып жұмыс істейді. Үлкен қызы Жанар – педагогика ғылымдарының магистрі, Алматы қаласындағы Абай атындағы мектеп-гимназияда ұстаздық етеді. Техника ғылымдарының магистрі атанған кіші қызы Жадыра Алматыдағы жоғары оқу орнының тест орталығында инспектор болып қызмет атқарады.

«Адамның жүзі – оның жүрегінің айнасы», «Түсі игіден түңілме» деп бекер айтпаса керек. Қашанда күлімдеп, жүзінен жылу есіп тұратын Дидар апайға деген ата-аналардың да құрметі ерекше. Бүлдіршіндерге өз балаларына қарағандай, мейірімін төге, тәлім-тәрбие беріп жүрген, нағыз өз ісінің маманы атанған педагог барлық құрметке лайық.

Әлеуметтік қызметкерлер күнделікті өмірде қарттар мен ерекше қажеттіліктері бар адамдарға көмек көрсетіп, олардың өмір сапасын жақсартуда үлкен рөл атқарады. Адамгершілік пен жанашырлыққа толы қарым-қатынасы мен өздерінің қамқорлығы арқылы көп адамға қолдау көрсететін мамандар болып табылады.

Байкеева Жанат Еркінқызы – Төлеби аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «18 жасқа дейінгі мүгедектері бар балалардың күндізгі қатынау орталығы» КММ



Қарттар мен мүгедектері бар адамдарға үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету секторының әлеуметтік жұмыскері. Жанат Еркінқызы 8 адамға қызмет көрсетеді, өз жұмысында олардың тұрмысын жеңілдетуге, рухани және физикалық тұрғыдан қолдау көрсетуге барын салады. Оларды тамақтандыру, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, гигиеналық тазалық сақтауға көмектесу, сондай-ақ медициналық көмек алу үшін қажетті жағдайлар жасау, сонымен қатар әр адамның жеке ерекшеліктерін ескере отырып, эмоциялық қолдау көрсету – оның күнделікті атқаратын жұмысы.

Осы мекемеде он жылдан бері жұмыс істейтін Жанат Байкеева туралы ол қызмет көрсететін жандар: «Жанат Еркінқызы – мейірімді, қамқор әрі өз міндетіне адал қызметкер. Көмекке мұқтаж адамның тұрмысын жеңілдетуге, өмір сапасын жақсартуға өз үлесін қосып жүрген, қашанда көмек қолын созуға дайын тұратын, сүйеніш бола алатын жанашыр адам. Оның қызметіне дән ризамыз» деген пікірін білдірді.

Жанат Еркінқызы – отбасында аяулы жар, 2 қыз, 2 ұлды тәрбиелеп өсірген мейірімді ана. Тұңғыш қызы Аяжан Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы университетте жоғары білім алып, қазіргі уақытта сол жақта өз мамандығы бойынша ұстаздық етеді. Ұлы Ұлан – Алматы қаласындағы Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері Әскери институтының курсанты. Екінші қызы Мөлдір – Шымкенттегі медалакадемияның III курс студенті. Кенже ұлы Дархан – мектептің 8-сынып оқушысы.

Ж.Байкеева сынды өз ісіне адал, жауапкершілігі жоғары жандардың еңбегі, қамқорлығы мен мейірімділігі жастарға үлгі-өнеге болып, қоғамды адамгершілікке жетелейді.

Медицина қызметкерлері арасында мейірбикелердің еңбегі айрықша маңызға ие. Әсіресе хирургия бөлімінде жұмыс істейтін медбикелердің кәсіби дағдылары мен жанашырлық, қамқорлық сынды адами қасиеттері науқастың тезірек сауығып кетуіне үлкен әсерін тигізеді.

Хирургия бөлімі – күн сайын көптеген күрделі шешімдер қабылданатын, қайнаған жұмыстың ортасы. Мұнда ауыр науқастарға ішкі ағзалары аурулары бойынша жоспарлы және шұғыл ота жасалады, түрлі дене жарақаттарымен түскендерге кәсіби ем-шаралар жүргізіледі.

Ленгір қалалық ауруханасының хирургия бөлімін тәжірибелі хирург Досатова Таңшолпан Әліқызы басқарады. Мұнда жұмыс істейтін мейірбикелердің кәсіби білімдері мен тәжірибелері өте маңызды. Олар науқастарға операциядан кейінгі кезеңде күтім көрсетіп, аурудың асқынуының алдын алу үшін қажетті барлық медициналық шараларды орындайды. Әр науқастың жағдайын мұқият бақылап, ерекше қамқорлық пен шыдамдылық танытады, сонымен қатар психологиялық қолдау көрсетеді. Мейірбикелер емдеуші дәрігермен тығыз байланыста жұмыс істей отырып, пациенттерге қажетті ем-шаралар жасаумен айналысады.

Қалалық аурухананың хирургия бөлімінде күн-

Денсаулық күзетіндегі ару, аналар

түн демей, денсаулық күзетінде аянбай тер төгіп жүрген мейірбикелер мен кіші персоналдың барлығы да осы салаға ұзақ жылдар бойы еңбек сіңіріп жүрген



тәжірибелі мамандар. Атап айтқанда, еңбек өтілі 40-41 жылды құрайтын медбикелер: Тулбаева Данира, Иристаева Гүлзада, 35 жылдан асатын Қуатова Гүлайша, Есіркепова Малика, еңбек өтілі 31 жыл Гребенюк Татьяна Валериевна, 27 жылды құрайтын Баятанова Гүлзира. Әр науқастың өміріне араша түсіп, денсаулықтарының қалыпқа келуіне өз үлестерін қосып жүрген ақ халатты абзал жандарға емделушілер де дән риза.

Хирургия бөліміндегі мейірбикелермен қатар кіші буын персоналдың да жұмысы физикалық және психологиялық тұрғыдан өте ауыр. Күнделікті науқастарға күтім жасау, отадан кейінгі күтімді, палаталардағы тазалықты қамтамасыз ету – осы мамандардың міндеті. Кіші буын персонал: Айтупова Сара, Сайлыбаева Ләззат, Сыпатаева Ақтолқын, Тастанова Бекзада, Қалшабекова Айгүл, Турабекова Қарлығаш науқастардың сауығуына жағдай жасап, бөлімде мұнтаздай тазалықтың сақталуына өз үлестерін қосып жүр.

Көктемнің осынау жарқын мерекесі – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында денсаулық күзетіндегі ару, аналарға еңбектеріне бас иіп, зор денсаулық, мол бақыт, телегей табыс тілейміз!

Бетті дайындаған А.ИМАНАЛИЕВА.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы

Осы Заң Түркістан қаласының ерекше мәртебесінің құқықтық негіздерін реттейді және оны бірегей мұра ретінде сақтауға, зерделеуге және ілгерілетуге бағытталған.

1-бап. Түркістан қаласының мәртебесі

Түркістан қаласы Қазақстан Республикасының рухани, тарихи-мәдени, туристік орталығы және сәулет мұрасы болып табылады.

2-бап. Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы

1. Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Заңнан басым болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

3-бап. Осы Заңның негізгі мақсаты, міндеттері мен қағидаттары

1. Осы Заңның негізгі мақсаты Түркістан қаласын Қазақстан Республикасының рухани, тарихи-мәдени, туристік орталығы және сәулет мұрасы ретінде қалыптастыру, дамыту және жұмыс істеуіне жағдай жасау болып табылады.

2. Осы Заңның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) Түркістан қаласының тарих және мәдениет ескерткіштері мен тарихи-мәдени мұрасы объектілерін, оның ішінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің күзет аймақтарында орналасқан объектілерді басқарудың, сақтаудың және олардың тұтастығын сақтап тұрудың тиімді жүйесін құру;

2) Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен оның күзет аймақтарының аумағындағы тарих және мәдениет ескерткіштеріне археологиялық және ғылыми-реставрациялық жұмыстарды жоспарлау және басқару;

3) тарихи-мәдени мұраны сақтау, дамыту, қайта жаңғырту және ұлттық қолөнерді дамыту;

4) Түркістан қаласының тарихи-мәдени мұрасы объектілерін қорғау және пайдалану жөнінде қабылданған шешімдерді ғылыми қамтамасыз ету;

5) Түркістан қаласының халықаралық ынтымақтастығын дамыту.

3. Осы Заңның негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

1) Түркістан қаласының тарихи-мәдени мұрасының объектілерін сақтаудың басымдығы;

2) Түркістан қаласының тарихи-мәдени мұрасы объектілерінің мән-маңызын сақтау;

3) Түркістан қаласының рухани-мәдени құндылықтары мен тарихи-мәдени мұрасы объектілерінің киелі мәні мен қасиеттілігін қорғау.

4-бап. Түркістан қаласының аумағы

Түркістан қаласының шекарасындағы (шегіндегі) жерлер Түркістан қаласының аумағын құрайды, ол Қазақстан Респуб-

ликасының Үкіметімен келісу бойынша облыстың жергілікті өкілді және атқарушы органдарының бірлескен шешімімен белгіленеді және өзгертіледі.

5-бап. Түркістан қаласының өңірлік нышаны

1. Түркістан қаласының Қазақстан Республикасының рухани, тарихи-мәдени, туристік орталығы және сәулет мұрасы ретіндегі ерекше мәртебесін көрсететін өңірлік нышаны бар.

2. Түркістан қаласының өңірлік нышанының сипаттамасы мен бейнесін Түркістан қаласының жергілікті өкілді органы бекітеді.

3. ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұрасының тізіміне енгізілген, 1972 жылғы Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау туралы конвенцияның ережелеріне сәйкес қорғалуға жататын тарих және мәдениет ескерткіші – Қожа Ахмет Ясауи кесенесі Түркістан қаласының рухани, тарихи-мәдени және туристік орталығы болып табылады.

6-бап. Түркістан қаласының халықаралық ынтымақтастығы

1. ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұрасының тізіміне енгізілген, Түркістан қаласының тарих және мәдениет ескерткіштері 1972 жылғы Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау туралы конвенцияның ережелеріне сәйкес қорғалуға тиіс.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі Түркістан қаласының тарихи-мәдени мұрасы объектілері бойынша халықаралық келісімдерді орындау мақсатында Түркістан қаласының аумағында тарихи-мәдени мұра объектілеріне қатысты халықаралық келісімдердің орындалуын үйлестіреді, сондай-ақ құзыреті шегінде Түркістан қаласының аумағында орналасқан тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады.

7-бап. Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның құзыреті

Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган:

1) Қожа Ахмет Ясауидің рухани-мәдени мұрасын зерттеу, зерделеу және кеңінен таныту жөніндегі шараларды іске асыруға жағдай жасайды;

2) Түркістан қаласының аумағында орналасқан тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялық жұмыстардың, тарих және мәдениет ескерткіштерінің аумақтарындағы және олардың күзет аймақтарындағы шаруашылық және өзге де қызметтің жобаларын келіседі;

3) Түркістан қаласының аумағында тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтауға жағдай жасайды;

4) Түркістан қаласының бас жоспарының жобасын және өзге де қала құрылысы құжаттамасын келіседі;

5) Түркістан қаласының археология ескерткіштерінің резерватын құру және оларды күтіп-ұстауға жағдай жасау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

6) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге

асырады.

8-бап. Түркістан қаласының жергілікті өкілді органының құзыреті

Түркістан қаласының жергілікті өкілді органы:

1) Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің күзет аймақтары аумағының қала құрылысы регламентін қоспағанда, Түркістан қаласы аумағының қала құрылысы регламентін бекітеді;

2) Түркістан қаласының дизайн-кодын бекітеді;

3) сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша Түркістан қаласының сәулет келбетін қалыптастыру және қала құрылысын жоспарлау қағидаларын бекітеді;

4) Түркістан қаласының ұлттық қолөнер саласындағы шеберлері шығындарының бір бөлігін жергілікті бюджет қаражаты есебінен өтеу қағидаларын бекітеді;

5) Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарымен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша меншік иелерінің келісімі болған кезде Түркістан қаласының аумағындағы азаматтар көп жиналатын орындарда бейнекамералар орнату және бейнебақылау мониторингін жүргізу қағидаларын бекітеді;

6) Түркістан қаласының бас жоспарын іске асыру үшін әзірленетін Түркістан қаласы аумағының қала құрылысын игеру схемаларын бекітеді;

7) туристік қызмет саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Түркістан қаласының аумағында туристерді тасымалдау бойынша туристік көрсетілетін қызметтерді ұсыну қағидаларын бекітеді;

8) Түркістан қаласының аумағында өңірлік нышанды пайдалану тәртібін бекітеді;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

9-бап. Түркістан қаласы мен облыстың жергілікті атқарушы органының құзыреті

1. Түркістан қаласының жергілікті атқарушы органы:

1) Түркістан қаласының аумағындағы тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

2) Түркістан қаласының тарихи-мәдени мұрасы объектілерін анықтауды, есепке алуды, сақтауды, зерделеуді, пайдалануды және олардың жай-күйін мониторингтеуді қамтамасыз етеді;

3) Түркістан қаласының экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларында жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін есепке алуды, сақтауды, зерделеуді, оларға ғылыми-реставрациялық жұмыстарды және археологиялық жұмыстарды ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды көздейді;

4) Түркістан қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріне жоспарланатын ғылыми-реставрациялық жұмыстардың ғылыми-реставрациялық жобаларын қарайды және келіседі;

5) Түркістан қаласының ұлттық қолөнерін және оның инфрақұрылымын құру және дамыту жөніндегі қызметті үйлестіреді;

6) Түркістан қаласының ұлттық қолөнер саласындағы шеберлері шығындарының бір бөлігін жергілікті бюджет қаражаты есебінен өтеу қағидаларын әзірлейді;

7) Түркістан қаласының ұлттық қолөнер саласындағы шеберлері шығындарының бір бөлігін жергілікті бюджет қаражаты есебінен өтейді;

8) тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша қала құрылысы жобаларын әзірлеу және бекіту кезінде Түркістан қаласының аумағында барлық санаттағы тарих және мәдениет ескерткіштерін анықтау, зерделеу, сақтау жөніндегі іс-шараларды орындауды, тарихи-сәулет тірек жоспарларын және карта-схемалар жасауды қамтамасыз етеді;

9) Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің күзет аймақтары аумағының қала құрылысы регламентін қоспағанда, Түркістан қаласы аумағының қала құрылысы регламентін әзірлейді;

10) ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұрасының тізіміне енгізілген тарих және мәдениет ескерткіштерін қоспағанда, Түркістан қаласының тарихи-мәдени мұрасы объектілерінің күзет аймағы, құрылыс салуды реттеу аймақтары және күзетілетін табиғи ландшафт аймақтары аумағында жаңа құрылыс жұмыстарын жоспарлаған жағдайда, қала құрылысы жобаларын тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен келіседі;

11) Түркістан қаласының дизайн-кодын әзірлейді;

12) қала құрылысы кеңесін құрады және оның ережесін бекітеді;

13) Түркістан қаласының тарихи-сәулет тірек жоспарларын қала құрылысы жобаларына енгізу жөніндегі жұмысты жүргізеді;

14) Түркістан қаласының бас жоспарын іске асыру үшін әзірленетін Түркістан қаласы аумағының қала құрылысын игеру схемаларын әзірлейді;

15) құрылыс салуды реттеу аймағында құрылыс жүргізу кезінде осы Заңға сәйкес аумақтың қала құрылысы регламентінің, мүгедектігі бар адамдар мен халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарына инфрақұрылым объектілері мен көрсетілетін қызметтердің қолжетімді болуы жөніндегі ұлттық стандарттың сақталуын қамтамасыз етеді;

16) сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша Түркістан қаласының сәулет келбетін қалыптастыру және қала құрылысын жоспарлау қағидаларын әзірлейді;

17) Түркістан қаласының аумағында туризмді дамыту мақсатында:

- туристік индустрия объектілерін жоспарлау және салу жөніндегі қызметті үйлестіреді;

- туристік қызмет субъектілері үшін туризмді дамытуға, оның ішінде мүгедектігі бар адамдар мен халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарын (инклюзивті туризмді) қоса алғанда, барлық туристер үшін туризм инфрақұрылымына тең (кедергісіз) қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған жағдай жасайды;

- туристік қызмет субъектілеріне туристік қызметті ұйымдастыруға байланысты мәселелерде әдістемелік және кон-

сультациялық көмек көрсетеді;

- экскурсоводтарды, гидтерді және туризм нұсқаушыларын кәсіптік даярлауды ұйымдастыру жөніндегі қызметті үйлестіреді;

- туристік қызмет саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша күтіп-ұсталуы кезіндегі шығындардың бір бөлігі өтелетін санитариялық-гигиеналық тораптардың тізбесін бекітеді;

- туристік қызмет саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Түркістан қаласының аумағында туристерді тасымалдау бойынша туристік көрсетілетін қызметтерді ұсыну қағидаларын әзірлейді;

- туристік қызмет объектілерін салу, реконструкциялау кезінде кәсіпкерлік субъектілері шығындарының бір бөлігін өтейді;

- кәсіпкерлік субъектілерінің халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында жол бойындағы сервис объектілерін салу жөніндегі шығындарының бір бөлігін өтейді;

- кәсіпкерлік субъектілерінің санитариялық-гигиеналық тораптарды күтіп-ұстауға жұмсалатын шығындарының бір бөлігін субсидиялайды;

- туристік қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне сыйымдылығы жүргізушінің орнын есепке алмағанда отыруға арналған сегіз орыннан асатын автомобиль көлігі құралдарын сатып алу шығындарының бір бөлігін өтейді;

18) Түркістан қаласының аумағындағы тарих және мәдениет ескерткіштерінің аумағын абаттандыру және күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды қамтамасыз етеді;

19) осы Заңның 5-бабының 3-тармағын ескере отырып және Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін пайдалану мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бекіткен қағидалардың негізінде Түркістан қаласының өңірлік нышанының сипаттамасы мен бейнесін әзірлейді;

20) Түркістан қаласының аумағында өңірлік нышанды пайдалану тәртібін әзірлейді;

21) Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарымен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша меншік иелерінің келісімі болған кезде Түркістан қаласының аумағындағы азаматтар көп жиналатын орындарда бейнекамералар орнату және бейнебақылау мониторингін жүргізу қағидаларын әзірлейді;

22) Түркістан қаласының көлік инфрақұрылымы объектілерін басқаруға беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

23) Түркістан қаласының аумағында стационарлық емес объектілерді және стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау қағидаларын, орнату, олардың жұмыс істеуі және оларды демонтаждау тәртібін әзірлейді және бекітеді;

24) мүдделі мемлекеттік органдармен келісу бойынша Түркістан қаласының аумағы арқылы транзиттік автомобиль көлігі жүрісінің схемалары мен тәртібін айқындайды;

25) Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18-бабының 8-7) тармақшасына сәйкес жер учаскелерін береді;

26) өзіне Қазақстан Республикасының заңнамасында жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде жүзеге асырады.

2. Облыстың жергілікті атқарушы органы:

1) Түркістан қаласының аумағы арқылы транзиттік автомобиль көлігі жүрісінің схемалары мен тәртібін келіседі;

2) өзіне Қазақстан Республикасының заңнамасында жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде жүзеге асырады.

10-бап. Түркістан қаласының аумағында тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғауды қамтамасыз ету

1. «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Түркістан қаласының аумағында орналасқан тарих және мәдениет ескерткіштері былайша бөлінеді:

1) дүниежүзілік тарих пен мәдениет үшін ерекше маңызға ие, халықаралық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері:

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі;

2) Қазақстан Республикасының тарихи мен мәдениеті үшін ерекше маңызға ие, республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері:

ежелгі Түркістан қаласы, Күлтөбе қалашығы, Қылуат жерасты мешіті, Әулие Құмшық ата жерасты мешіті, Шілдехана, Тәуке хан кесенесі, Рәбия Сұлтан Бегім кесенесі, Белгісіз сағана, цитадельдің қамал қабырғасы, шығыс моншасы, Есім хан кесенесі, цитадельдің қамал қабырғасының қақпасы, Жұма мешіті, Гауһар ана кесенесі, Әлқожа ата кесенесі, Жәудір ана мешіт-медресесі, Шәмәт Ишан мешіт-медресесі, теміржол станциясы кешені және гарнизон штабының ғимараты;

3) Түркістан қаласының тарихи мен мәдениеті үшін ерекше маңызға ие, жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері:

Бала би кесенесі, қалалық атқару комитетінің ғимараты, балалар спорт мектебі, дәріхана ғимараты, казарма.

2. Түркістан қаласының тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау және қорғау үшін әрбір ескерткішке Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы заңнамасына сәйкес күзет аймақтары белгіленеді.

Тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау мақсатында:

ғылыми-реставрациялау жұмыстары жүргізіледі;

Түркістан қаласының бас жоспарына енгізілетін тарих және мәдениет ескерткіштерінің тиісті жергілікті жерінің тарихисәулет тірек жоспарлары мен карта-схемалары жасалады.

3. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің күзет аймағының аумағында жаңа құрылыс жұмыстарын жоспарлау кезінде 1972 жылғы Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау туралы конвенцияға сәйкес ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұра комитетіне хабарлама жіберіледі.

4. Құрылыс салуды реттеу аймағында құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде олардың сәулет келбеті бойынша Түркістан қаласының тарих және мәдениет ескерткіштерінен асып кетуіне жол берілмейді. Құрылыс салуды реттеу аймағының шегінде биік құрылыстар салу режимі белгіленеді және ғимараттарды, құрылысжайларды және олардың кешендерін реконструкциялау жөніндегі талаптар айқындалады.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің бірегейлігін сақтау үшін оның айналасындағы аумаққа құрылыс салуға, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің күзет аймағының шекарасынан бір жүз метр қашықтықта кеше-жол желілерін өзгертуге жол бермеу мақсатында құрылыс салуды реттеу аймағында:

биіктігі жеті метрден асатын;

ауқымы, түсі және құрылыс материалдары бойынша тарих және

мәдениет ескерткіштерімен үйлеспейтін объектілер салуға жол берілмейді.

5. Түркістан қаласының аумағында тарихи-мәдени мұра объектілерінің сақталып тұруына қатер төндіруі мүмкін жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады.

11-бап. Түркістан қаласының археология ескерткіштерінің резерваты

1. Түркістан қаласының тарихи-мәдени мұрасының неғұрлым осал бөлігі ретінде археология ескерткіштерінің сақталуын, тұтастығын, төлнұсқалығын қамтамасыз ету үшін айқындалатын осындай ескерткіштер аумағы Түркістан қаласының археология ескерткіштерінің резерваты деп танылады.

2. Түркістан қаласының археология ескерткіштерінің резерваты Түркістан қаласының археология ескерткіштерінің резерватын құру және оларды күтіп-ұстауға жағдай жасау қағидаларына сәйкес құрылады.

3. Түркістан қаласының археология ескерткіштерінің резерватына жекелеген археология объектілері де енгізілуі мүмкін. Археология ескерткіштері мен археология объектілерін іріктеу өлшем шарттары, сондай-ақ оларды Түркістан қаласының археология ескерткіштерінің резерватына қосу және одан алып тастау тәртібі Түркістан қаласының археология ескерткіштерінің резерватын құру және оларды күтіп-ұстауға жағдай жасау қағидаларында айқындалады.

4. Түркістан қаласының археология ескерткіштерінің резерватына енгізілген археология ескерткіштері мен археология объектілеріне тұрақты негізде мониторинг және профилактикалық күтім жасау арқылы олардың келбетінің сақталуы қамтамасыз етіледі.

5. Түркістан қаласының археология ескерткіштерінің резерватына енгізілген археология ескерткіштері мен археология объектілеріндегі археологиялық жұмыстар шеңберіндегі өзге де қызмет тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша жүзеге асырылады.

6. Археология ескерткіші мен археология объектісінің тұтастығына, олардың дизайнының, материалдарының, орындалуының төлнұсқалығына және оларды қоршаған ландшафтқа теріс әсер ететін жұмыс әдістерін пайдалануға тыйым салынады.

12-бап. Түркістан қаласының инфрақұрылымы

1. Түркістан қаласының инфрақұрылымы Түркістан қаласының тыныс-тіршілігін және дамуын қамтамасыз етуге, оның тұрғындары мен туристер үшін жайлы әрі қауіпсіз жағдайларды жасауға және сақтауға бағытталған инженерлік, көліктік және әлеуметтік инфрақұрылымды қамтиды.

2. Түркістан қаласының инфрақұрылымын дамыту Түркістан қаласының ерекше мәртебесі ескеріліп реттеледі және тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтауға, рухани, тарихи-мәдени және туристік саланы сақтауға және дамытуға бағытталған.

Түркістан қаласының бас жоспары Түркістан қаласының тарихи-сәулет тірек жоспары және тарих және мәдениет ескерткіштерінің күзет аймақтарының шекаралары ескеріліп әзірленуге тиіс.

13-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 10-баптың 4-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ.

Астана, Ақорда, 2025 жылғы 3 наурыз № 165-VIII ҚРЗ

Шаһарды еңселендіретін ерекше мәртебе



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістан қаласына ерекше мәртебе беру туралы заңға қол қойған күнді өңір халқы ел тарихындағы маңызды оқиға ретінде бағалап отыр. Осылайша, Түркістан жаңа даму белесіне қадам басты. Қала тарихи-мәдени, экономикалық және туристік әлеуетінің деңгейін одан әрі көтереді. Яғни Ұлы Жібек жолының жүрегінде орналасқан Түркістан енді заңнамалық тұрғыдан қолдауға ие болып, ерекше басқару жүйесімен өркендей түспек. Әсіресе облыс тұрғындары бұл шешімді еліміздің тарихи құндылықтарына деген құрмет пен ұлттық жаңғырудың айқын белгісі деп қабылдады.

Иә, Түркістан қаласына ерекше мәртебе беру туралы заң жобасы Мемлекет басшысының 2022 жылғы 27 қыркүйектегі Түркістан облысына сапарының қорытындысы бойынша берген тапсырмасына, 2023 жылғы 10 сәуірдегі қарарына сәйкес әзірленген еді.

Кейінгі үш жылда Түркістан қаласының халқы 31,5%-ға артып өткен жылдың соңында 237 мыңға жуықтады. Жалпы өңірлік өнім көлемі облыс орталығы атанғалы 4,5 есе өсіп, былтыр 452,6 млрд теңге болды. Мемлекеттік бюджетке түсімнің көлемі 2,8 есе өсіп, 2024 жылы 80,1 млрд теңге түсті. Оның ішінде салық түсімдері 2,3 есе өскен. Ал қала бюджеті 3 есе өсіп, 147,2 млрд теңгеге жетті. Қала дамуының негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі кейінгі үш жылда 915,7 млрд теңгені құрады. Оның ішінде жеке инвестиция – 361 млрд теңге. Былтыр 400,2 млрд теңге инвестиция тартылған. Ерекше мәртебеге ие болған қаладағы арнайы экономикалық аймақта құны 38,9 млрд теңге болатын, 783 жаңа жұмыс орнымен қамту мүмкіндігі бар 9 инвестициялық жоба орналасқан. Құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұған қоса индустриалық аймақта құны 26,7 млрд теңге болатын, 1 454 жаңа жұмыс орындарымен қамту мүмкіндігі бар 36 инвестициялық жоба орналасқан.

Түркістан қаласына ерекше мәртебе беру бойынша атқарылған істердің басы-қасында жүрген облыс әкімінің орынбасары Бейсенбай Тәжібаев дәл қазір елдік қызмет – зор қуаныш әрі жауапкершілік екенін айтады.

«Мемлекет басшысы қол қойған «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы» заңда еліміздің рухани, тарихи-мәдени, туристік орталығы және сәулет мұрасы ретіндегі қаланың ерекше мәртебесі бекітілген. Құжатта тарихи-мәдени мұраны сақтау, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен басқа да ескерткіштерді қорғау, археологиялық және ғылыми-реставрациялық жұмыстарды реттеу, тарихи-мәдени мұраны қайта жаңғырту және ұлттық қолөнерді дәріптеу; қорғау аймағында биіктігі мен сәулеті үйлеспейтін ғимараттарды салмау; археологиялық ескерткіштердің резерватын құру; мүгедектігі бар адамдарға қолжетімді инфрақұрылым және инклюзивті туризм құру арқылы қалада жайлы орта қалыптастыру; қаланың бірыңғай келбетін – сәулет ерекшелігін сақтау үшін дизайн код енгізу; тиімді басқару мен бақылау үшін өкімдік пен мәслихат өкілеттігін кеңейту; мемлекет тарапынан қолөнер шеберлерін қолдау мен көлік транзитін реттеу; туризмді дамыту және тұрмыс сапасын арттырумен қатар қаланың тарихи ерекшелігін сақтау қарастырылған. Қазақ елінің бай мұрасын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу аманатын орындау және жаһанға таныту ісіне бәріміз атсалысуымыз керек», дейді облыс әкімінің орынбасары.

Қала өкімдігінің хабарлауынша, былтыр орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі 274,6 млрд теңгені құраған. Кейінгі үш жылда 1,2 млн шаршы метр, ал өткен жылы 534 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Нәтижесінде, тұрғын үй құрылысына бағыттал-

ған инвестиция көлемі 124,9 млрд теңгені құрады. Қазіргі таңда Түркістан қаласының 16 579 азаматы тұрғын үйге мұқтаж ретінде кезекке тіркелген. Осы орайда тұрғын үй кезегіне түгендеу жұмысы жүргізілгенін де айта кетелік. Нәтижесінде 3026 азамат тізімнен шығарылыпты. Өткен жылы 961 пәтер пайдалануға берілсе, биыл 944 пәтер беріледі. Сондай-ақ «Отбасы банк» арқылы 58 тұрғын үйдің 3 076 пәтері сатылды. Биылға 2 127 пәтерді құрайтын 30 тұрғын үйді қолданысқа беру жоспарланып отыр. Шағын және орта кәсіпкерлік белсенді субъектілерінің саны үш жылда 2 есе өскен. Бұл салада жұмыспен қамтылғандар 31 227 адамды құрады. Өнеркәсіптік өнім өндірісінің көлемі үш жылда 1,5 есе өсіп, өткен жылы 25,8 млрд теңге болған.

«Қаламыздың ерекше мәртебе алуы болашақтағы дамуына жаңа серпін береді. Бұл – біз үшін үлкен мәртебе әрі зор жауапкершілік. Осы мәртебе Түркістанның әлеуметтік-экономикалық дамуына тың мүмкіндіктер ашып, оның еліміздің басқа аймақтарымен және халықаралық деңгейде байланыстарын одан әрі күшейтеді. Түркістан – киелі жер, қасиетті мекен. Бабаларымыздан қалған мұраларды сақтап, оны болашақ ұрпаққа аманат алуымыз керек. Қаланың ерекше мәртебе алуымен қатар, оның инфрақұрылымы мен әлеуметтік қызмет көрсету салалары да жаңғырып, жаңа жобалар жүзеге асырылады», дейді Түркістан қаласының әкімі Әзімбек Пазылбекұлы.

Сондай-ақ қала өкімінің мәлімдеуінше, келешекте Түркістан қаласы тұрғындарының негізгі табыс көзінің бірі туризм саласы болады. Оған алғышарттар жетерлік. Мәселен, 2024 жылдың қорытындысы бойынша қалаға 1,1 млн турист келген. Оның ішінде 23,2 мың шетелдік турист бар. Орта есеппен алғанда күн сайын Түркістанға 70-тей шетелдік азамат келеді деген сөз. Ал жалпы турист санын бір күнге шақсаңыз қаламызда 3 мыңнан аса қонақ болады.

«Жоғарыда 1 млн-нан аса турист келді дедік қой. Соған транзиттік қызмет көрсететін кәсіпкерлерге ұсыныс айтып жатырмыз. Мәселен, қалаға саяхаттап ұшақпен келген қалталы қонаққа қызмет көрсететін таксопарктер бізде жоқтың қасы. Сол үшін комфортты жағдайдағы такси қызметін дамытуды ойластырып отырмыз. Сонымен қатар кәсіпкермен қос қабатты автобустар асуды бойынша келісім жасаудамыз. Туристерді тасы-малдап қана қоймай, қаланың көрікті орындарын тамашалауға мүмкіндік жасалады. Инвесторлармен жүргізілген келіссөздер нәтижесінде туризм саласына алдағы жылдары құны 145,1 млрд теңгені құрайтын 13 жобаны іске асыру жоспарланып отыр. Нәтижесінде, 955 жұмыс орны ашылады. Оның ішінде ірі жобаларды атап өтсем, құны 126 млрд теңгені құрайтын 17 қабатты 5 жұлдызды қонақүйі салынады. Оның арнайы демалыс аймағы болады, 501 жаңа жұмыс орны ашылады. Сол сияқты 5,5 млрд теңгеге қолөнершілер қалашығы салынып жатыр. Мұнда 100 жаңа жұмыс орны болады. Бұған қоса жоба құны 3 млрд теңгені құрайтын аквапарк бар қонақүйі салынбақ. Онда 100 адам тұрақты жұмыспен қамтылады. Құны 1 млрд теңгеге 40 жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беретін қонақүйі салынады», – деді Әзімбек Пазылбекұлы.

Түркістандықтар Түркістанға берілген ерекше мәртебе – ресми шешім ғана емес, қаланың болашағына жасалған үлкен стратегиялық қадам деп есептейді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұл бастамасы қаланың тарихи келбетін сақтай отырып, заманауи мегаполиске айналуына мүмкіндік беретініне, тарихи-мәдени мұраларды қорғау мен жаңғыртуға, инфрақұрылымды дамытуға, инвестиция тартуға жол ашатынына сенеді.

Облыс және қала өкімдігі Түркістанды тек туристік орталық ретінде ғана емес, өмір сүруге ыңғайлы, дамыған қала ретінде қалыптастыруды басты міндет санайды. Сонымен қатар киелі қаладағы әрбір тұрғын үшін өмір сапасын жақсарту маңызды мақсатқа айналмақ. Ерекше мәртебе – үлкен жауапкершілік. Яғни жергілікті билік, өңір халқы Түркістанды түркі әлемінің рухани орталығы ғана емес, экономикасы қуатты, экологиялық таза аймаққа айналдыруды мақсат етеді.

Ғалымжан ЕЛШІБАЙ.

Egemen Qazaqstan.

Берекелді Рамазан

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! Барлық мақтау Аллаға тән. Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедке Алланың салауаты мен сәлемі болсын!

Құрметті Төлеби жұрты, қадірлі бауырлар!

Ең алдымен баршаңызды қасиетті Рамазан айымен шын жүректен құттықтаймыз! Рамазан айы мүбәрак болсын! Жаратқан Жаббар иеміз ниеттеріңізді, дұға-тілектеріңізді қабыл етпей!

Міне, қадірлі бауырлар биылғы 2025 жылдың да Рамазан айы келіп қалды. Биыл қасиетті Рамазан айы, наурыз айының 1-ші жұлдызында басталды, яғни 28 ақпан тарауих намазы оқылды. Пітір садақасы биыл ҚМДБ пәтуә бөлімінің хабарлауымен 655 теңге болып бекітілді. Ал Қадір түні наурыз айының 26-сынан 27-сіне қараған түні болады. Биыл Рамазан айы 29 күнге созылады, 30 наурыз Ораза айт мерекесін атап өтеміз.

Рамазан айы – күллі мұсылман әлемі үшін қасиетті де берекелі ай. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бұл ай кіргенде, адамдарды былай деп сүйіншілейтін болған: «Сендерге Рамазан айы келді, бұл берекеге толы ай. Алла осы айда оразасын парыз етті. Бұл айда жәннат есіктері айқара ашылып, тозақ есіктері жабылады».

Рамазан айы жылына бір рет келетін зор мүмкіндік айы. Адамзат баласына ақ пен қараны ажырату үшін қасиетті болған Құран түскен ай. Осындай нығметтерге толы болған бұл айды сауапты амалдар мен құлшылықта өткізу баршамызға парыз.

Ата-бабаларымыз да бұл ай кірісімен бір-бірлерін құттықтап, балалар үй-үйді сүйіншілеп: «Мұхаммед үмбетіне айтқан жарапазан, оразаң қабыл болсын, ұстаған жан!», – деп жарапазан айтатын. Ғибадат айында ерекше рухани атмосферада іс-амалдарды електен өткізіп, иманды жаңартуға, ізгілік істер арқылы жүректі жұмсартуға болады. Дін мен дәстүр сабақтастығы десек, ата-бабаларымыздың ұстанған дінін кейінгі ұрпаққа да парыз еткен Жаратушы Жаббар иеміз осы айды пайдалы құлшылықта өткізуімізді парыз етті. Адамзаттың ардақтысы пайғамбарымыз Мұхаммед с.ғ.с. «Расында, Алла өтірік айтуын доғармаған біреудің ішіп-жеуін



тоқтатқанына мұқтаж емес». Тағы бір сөзінде Алла елшісі с.ғ.с. «Ораза күні сендердің ешқайсыларың жаман сөз айтып, даусын көтермесін. Ал егер біреу оны балағаттаса: «Мен оразамын, мен оразамын», – десін». Яғни ораза ұстаушы қандай жағдайда болмасын оразасын былапыт сөздермен, ұрыс-керіспен ластамай, сабырлық танытып, ғибадатын мүлтіксіз түрде орындауы керек. Сонда ғана ғибадаты кеміл болып, Раббымыз қабыл алады. Өйткені ораза тек қана ішіп-жеуден тыйылу емес. Сондай-ақ, жаман әдеттерден, дөрекі сөздерден, теріс мінез-құлықтардан арылу екендегі түсініміз. Ал осы бір мүмкіндікті пайдалана алмау нағыз өкінішті жағдайға түсіреді. Хақ Тағала ерекше айдағы ғибадатты бұлжытпай орындаған құлдарының мәртебесін де ерекше биіктетіп, мерейін асыруға уәде еткен.

Бұл айда адамзат баласын тура жолға, білімділік пен бейбітшілікке үндеген Қасиетті Құранның алғашқы аяттары түскен. Бұл қасиетті айды күллі мұсылман жұртшылығы сағынып, ерекше қадірлеп, асыға күтіп алады. Алла Тағаланың өміріне бас иіп, ораза ұстап, мұқтаждарға жәрдемдесіп, тағат-құлшылықтар жасап, жан дүниесі рухани демалады.

Қасиетті Рамазан айын лайықты түрде өткізуіміз үшін Рамазан айының мынадай рухани қадір-қасиеті мен оның мән-маңызын білуіміз қажет.

1. Оразаны шынайы ықыласпен лайықты түрде тұту.
2. Тарауих және төһәжүд намаздарын оқу.
3. Құранды қайталап оқу.



muftyat.kz

Рамазан
Ораза кестесі
2025
Һижри 1446 жыл

ЛЕНГЕР ҚАЛАСЫ

2025	Таң	Күн	Бесін	Екінті	Шам	Құптан
1 Наурыз	05:39	06:53	12:36	16:29	18:13	19:27
2 Наурыз	05:38	06:51	12:36	16:30	18:15	19:28
3 Наурыз	05:36	06:50	12:35	16:31	18:16	19:29
4 Наурыз	05:34	06:48	12:35	16:32	18:17	19:31
5 Наурыз	05:33	06:46	12:35	16:33	18:18	19:32
6 Наурыз	05:31	06:45	12:35	16:34	18:19	19:33
7 Наурыз	05:30	06:43	12:34	16:35	18:21	19:34
8 Наурыз	05:28	06:41	12:34	16:36	18:22	19:35
9 Наурыз	05:26	06:40	12:34	16:37	18:23	19:37
10 Наурыз	05:24	06:38	12:34	16:38	18:24	19:38
11 Наурыз	05:23	06:36	12:33	16:39	18:25	19:39
12 Наурыз	05:21	06:35	12:33	16:39	18:26	19:40
13 Наурыз	05:19	06:33	12:33	16:40	18:28	19:41
14 Наурыз	05:18	06:31	12:33	16:41	18:29	19:43
15 Наурыз	05:16	06:30	12:32	16:42	18:30	19:44
16 Наурыз	05:14	06:28	12:32	16:43	18:31	19:45
17 Наурыз	05:12	06:26	12:32	16:44	18:32	19:46
18 Наурыз	05:10	06:24	12:32	16:45	18:33	19:47
19 Наурыз	05:09	06:23	12:31	16:46	18:34	19:49
20 Наурыз	05:07	06:21	12:31	16:47	18:36	19:50
21 Наурыз	05:05	06:19	12:31	16:48	18:37	19:51
22 Наурыз	05:03	06:17	12:30	16:48	18:38	19:52
23 Наурыз	05:01	06:16	12:30	16:49	18:39	19:54
24 Наурыз	04:59	06:14	12:30	16:50	18:40	19:55
25 Наурыз	04:58	06:12	12:29	16:51	18:41	19:56
26 Наурыз	04:56	06:11	12:29	16:52	18:42	19:57
27 Наурыз	04:54	06:09	12:29	16:53	18:44	19:59
28 Наурыз	04:52	06:07	12:29	16:53	18:45	20:00
29 Наурыз	04:50	06:05	12:28	16:54	18:46	20:01

4. Садақа беру.
5. Қадір түнін құлшылықпен өткізу.
6. Сәресіге тұрып, тамақтану.
7. Ауызашарды уақытынан көшіктірмеу.
8. Күнә-қателіктерге тәубе жасау.
9. Жетім-жесірге қарайласу.
10. Адамдардың арасын жарастыру.
11. Туыстық қатынасты үзбеу.
12. Пітір садақасын беру.
13. Ораза айтына лайықты дайындалу сынды сауапты амалдарды көптеп жасаумен өткізу.

Құрметті бауырлар!
Қасиетті Рамазан айына аман-есендікте жетіп, осы бір мұсылман қауымы үшін мүмкіндіктер айы болған қасиетті айда баршамызды құлшылық пен сауапты амалдарда өткізуімізді нәсіп етпей. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай! Әмин!

Үсен САУРБАЕВ,
Төлеби ауданының бас имамы.

Қыз-келіншектерге насихат

Төлеби ауданының орталық «Нұр» мешітінде әйел-қыздар секторының жетекшісі Жазира Төлегенқызының ұйымдастыруымен «Қазақ қоғамындағы аналар келбеті» атты іс-шара өткізілді.

Жиында сөз бастаған ауданның бас имамы Үсен Саурбаев қазіргі таңда әйел адамның қоғамдағы орны ерекше екендігін атап өтіп, әжелеріміздің насихаты, жүрген жолы жас қыз-келіншектерге үлгі екенін тілге тиек етті. Іс-шараға әйел-қыздар секторының шәкірттері мен былтырғы жылы құрылған Әжелер мектебінің мүшелері қатысып, дін мен дәстүрді деріптеп, жастарды имандылыққа тәрбиелеудің маңызын түсіндірді.

Басқосу барысында ұйымдастырушы ұстаз Жазира Төлегенқызы тақырыпқа байланысты уағыз-насихат айтты. Жиын соңында тұсау кесер рәсімі өтіп, бата берілді. Қонақтарға мешіт жамағаты дастарқан жайып, сый-сияпатын үлестірді.

«Төлеби-ақпарат».

Алла өмірі – күн шығар ай батқанда,
Күллі тіршілік оянар таң атқанда.
Бар ғаламды төртіпте ұстап тұрған
Күнде алғыс айтамын Жаратқанға.

Туралыққа жол сілтеп адамдарға,
Сана берген жақсы мен жамандарға.
Алғысым үмбеті үшін қиындық көрген,
Сүйген құлы Алланың – пайғамбарға.

Мейірімін төккен жүрек жан балаға,
Өсірген, тәрбиелеген салт-санаға.
Бар өмірін арнаған сәби үшін
Алғысым әлдилеген ата-анаға!

Алғысым өсіп-өнген ауылыма,
Туған жер, туған өлке, қауымыма.
Сол жерден әдеп, дәстүр, тәлім алған,
Халық, ел, туған-туыс, бауырыма.

Алғысым барша қазақ, туыс, елім,
Кең-байтақ ата мұра – туған жерім.
Адам болып туған соң бұл ғаламда,
Алғыс айтам, адамзат, досым менің!

А.МАЙМАҚОВ,
Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Момышұлы
атындағы оқу орталығы «Арнайы пәндер»
циклінің аға оқытушысы полиция полковнигі.

Алғыс айтам Жаратқанға!



Төлеби ауданы, Ленгір қаласы, Тоғыс шахтасы елді мекені бойынша қатты тұрмыстық қалдықтарды жинап-тасымалдау қызметін көрсету туралы
ЖАРИЯ КЕЛСІМ-ШАРТ

Ж/К «Сахова Б.А.» атынан әрекет етуші директоры Сахова Б.А. әрі «Қызмет көрсетуші» және бұдан әрі «Тұтынушы» деп аталатын, жылжымайтын мүліктің (үйдің, пәтердің, тұрғын жайдың) меншік иесі және/немесе жалдаушы (жалға беруші, қосалқы жалға беруші) және заңды тұлғалар, меншік түрлеріне қарамастан екінші жақтан, бірге «Тараптар» деп аталатын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 387-бабының және тараптарының келісімі негізінде төмендегілер туралы осы Шартты жасасты.

Шарттың мәні

Осы Шарттың мәні Орындаушының Тұтынушыға, Түркістан облысы Төлеби ауданы Ленгір қаласы шеңберінде орналасқан Тоғыс шахтасы елді мекенінде меншік түрлеріне қарамастан барлық жеке және заңды тұлғаларға жоспарлы-жүйелі немесе кестеге сәйкес тазартудың негізінде Қызмет көрсетуші әр аптаның бекітілген график жоспары бойынша тұтынушының үйінің аумағынан қатты тұрмыстық қалдықтарды жою полигонына тасымалдау қызметін көрсету болып табылады.

Екі жақтың міндеттері
Қызмет көрсетуші міндеті

Тұтынушы шығарған қатты тұрмыстық қалдықтарды алдын-ала бекіткен кесте бойынша және уақытылы алып кету мүмкіндігі болмаса (қыс мезгілінде тайғақта, қалың қар жауғанда, мерекелік күндерде) Қызмет көрсетуші жиналып қалған қоқысты мүмкіндік болғанда алып кетуге міндетті.

Тұтынушы міндеті

Тұрмыстық қоқысты өз ыдыстарына сақтау (шелек, қап, т.б) және алып кететін күндері шығаруға.

Тұрмыстық қоқысқа құрылыс қалдықтарды, ошақ күлі және мал қилары жатпайды.

Тұрмыстық қоқысты аптасына арналған нормативпен (15-20 кг) асырмауға міндетті.

Екі жақтың жауапкершілігі

Тұтынушы көрсетілген қызмет төлемақысын кешіктірмей ай сайын төлеуге міндетті. Қызмет көрсетуші қатты тұрмыстық қалдықтарды алдын-ала бекіткен кесте бойынша алып кетуге міндеттенеді.

Көрсетілген қызмет үшін төлемақы

Тұтынушы қызмет көрсетушіге келісім-шартта көрсетілген қызметтер үшін төлемдерді Төлеби ауданы мәслихатының 2023 жылғы 8 қарашадағы №6/3-VIII шешіміне 2 қосымша өзгерістер енгізіліп, Түркістан облысы Төлеби аудандық мәслихаттың 2023 жылғы 8 тамыздағы №4/29-VIII шешімдері бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге арналған тарифтері бекітілді. Осы шешімдерге сүйене отырып, тұрғындармен сұхбат келісім негізінде әрбір жеке тұрғын үйге 1000 теңге (бір мың теңге) тарифтік жоспар бойынша есептеледі. Төлемдер жоспарлы түрде тазалық жұмыстары үшін айына бір рет, әр айдың 20-сынан кешіктірілмей төленеді.

Шарттың қорытынды шарттары

Бұдан әрі осы келісім-шарт болып табылады (ҚР АҚ 387-бабы). Осы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі бұқаралық ақпарат құралдарында қосымша келісімдерді жариялау тәртібімен жүзеге асырылады. Жария келісім-шарт бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап міндетті Келісім-шарт болып 01.03.2025 жылдан бастап күшіне енеді және осы жария келісім-шарт келесі жылдарға мерзімі автоматты түрде ұзартылған болып есептеледі.

Осы келісім-шарт бойынша даулар Қазақстан Республикасының Заңнамаларына сәйкес соттың шешімдерімен қаралады.

Орындаушының мекенжайы, деректемелері:

Ж/К Сахова Б.А. ЖСН 560220402004.

Телефон: 8-702-128-81-17.

Мекенжайымыз: Ленгір қаласы, Төлеби көшесі 206 А.

ПУБЛИЧНЫЙ ДОГОВОР

об оказании услуг по сбору-транспортировке твердых бытовых отходов от населенного пункта Шахта-Тогус города Ленгер Төлебийского района

ИП «Сахова Б.А.» в лице руководителя Сахова Б.А., именуемый в дальнейшем «Услугодатель» с одной стороны и собственником и/или нанимателем (арендодателем, субарендатором) недвижимого имущества (дома, квартиры, жилого дома), другими физическими и юридическими лицами, независимо от форм собственности, именуемыми в дальнейшем «Потребитель», с другой стороны на основании ст. 387 «Гражданского кодекса» РК заключили настоящий Договор о нижеследующем.

Предмет договора

Предмет настоящего Договора заключается в предоставлении «Услугодателем» услуг по сбору-транспортировке твердых бытовых отходов «Потребителя» (от населенного пункта Шахта-Тогус города Ленгер Төлебийского района) по утвержденному Услугодателем еженедельному графику по сбору-транспортировке твердых бытовых отходов по населенным пунктам Төлебийского района.

Обязанности обеих сторон

Обязанность поставщика услуг

При отсутствии возможности своевременного вывоза твердых бытовых отходов по заранее утвержденному графику (в зимнее время при обильном снегопаде, в праздничные дни, аварийная поломка автомашины или в условиях форсмажора, как стихийные бедствия), Услугодатель обязан по возможности вывезти собранный мусор.

Обязанность потребителя

Хранение бытового мусора в собственной таре (ведра, мешки и т.д.) на собственной территории и вынос его в дни вывоза по графику Услугодателя.

К бытовому мусору не относятся строительные отходы, зола от очагов (домашних и промышленных), отходы от животных (навоз, останки животных и т.д.).

Бытовой мусор не должен превышать норматива на неделю (20-25 кг).

Ответственность сторон

Потребитель обязан производить оплату за оказанные услуги согласно статье «Плата за оказанные услуги».

Услугодатель обязуется вывозить твердые бытовые отходы по заранее утвержденному графику.

Плата за оказанные услуги

Согласно решения Төлебийского районного маслихата за № 4/29-VIII от 18 августа 2023 года по нормам накопления ТБО и решения Төлебийского районного маслихата за № 6/37-VIII от 08 ноября 2023 года по утверждению тарифов на сбор, транспортировку и захоронение ТБО. А также согласованного Протокола собрания Администрации г.Ленгер, ИП «Сахова Б.А.» и населения сбор и транспортировка ТБО от жителей населенного пункта Шахта-Тогус города Ленгер Төлебийского района – 1000 тенге (одна тысяча тенге) на каждый индивидуальный жилой дом. Оплата за уборку производится планоно один раз в месяц, не позднее 20 числа каждого месяца.

Заключительные условия договора

Договор составлен согласно статье 387 ГК РК. Порядок внесения изменений и дополнений в настоящий договор осуществляется в порядке публикации дополнительных соглашений в средствах массовой информации. Публичный контракт вступает в силу с 01.03.2025 года как обязательный со дня опубликования в средствах массовой информации, и данный публичный контракт считается автоматически продленным на последующие годы.

Споры по настоящему контракту рассматриваются решениями суда в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Адрес, реквизиты услугодателя:

И/П Сахова Б.А. ИИН 560220402004.

Телефон: 8-702-128-81-17.

Адрес: город Ленгер, улица Төлеби 206 А.

Таңдаулы поэзияны бірге оқыық!

Қазақстан Жазушылар одағының Түркістан облыстық филиалының және «Фараб» әмбебап-ғылыми кітапханасының бастамасымен 2021 жылы «Түркістанның таңдаулы туындысы» атты облыстық акция бастау алған болатын. Сол жылы жазушы Мархабат Байғұт шығармаларын оқудан басталған акцияға биылғы жылы ақын, «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Бақытжан Алдияр, ақын, «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Бекжан Әшірбаев, ақын, «Алаш» халықаралық әдеби сыйлығының иегері Әлібек Шегебай, жас ақын Мұқағали Кенжетайұлының шығармалары таңдалды. Бұл акцияның мақсаты – оқырмандардың білім деңгейін арттыру, рухани байлығын молайту және оқу мәдениетін дамыту.

Кітапхана оқырмандары үшін поэзия – жай ғана сөз өнері емес, жан дүниені тербететін, рухани байлыққа бастайтын құдіретті күш. Оқырмандарымыздың поэзияға деген қызығушылықтарының артуы біздің қоғамның рухани жаңғыру жолындағы тың серпіні екендігінің айқын дәлелі. Аудандық кітапханалар жүйесінің кітапханалары арасында таңдаулы әдеби туындыларды бірлесе оқу басталды. Акцияның басты идеясы – поэзияның адам жанына әсер ету күшін көрсету, оқырмандарды поэзия әлеміне жетелеу. Бұл үшін кітапхана қызметкерлері түрлі форматтағы шараларды ұйымдастыруды жоспарлап отыр. Олардың қатарында ақын шығармаларымен танысу кештері, еркін микрофон, поэзиялық батл, кездесулер, поэзиялық кештер, әдеби байқаулар мен дөңгелек үстелдер бар.

Қазіргі таңда ақпараттық технологиялардың қарқынды

дамуына байланысты кітап оқуға деген қызығушылық азайып бара жатқандай көрінеді. Алайда, облысымызда бұл тенденцияға қарама-қарсы құбылыс байқалады. Кітапханаларға келушілер саны артып, әдеби кештер мен поэзиялық мүшәйраларға қатысушылар көбейген. Бұл – облыс тұрғындарының рухани құндылықтарға деген сұранысының артуы, өз мәдениетімізді, тарихымызды тереңірек тануға деген ұмтылысының айғағы.

Таңдаулы поэзия – жүрекке жол табатын шығармалар

Облыс оқырмандарының арасында ерекше сұранысқа ие болған, жүрекке жол тапқан таңдаулы поэзия туындылары өте көп. Абай Құнанбайұлының даналыққа толы өлеңдері, Мағжан Жұмабаевтың ұлттық рухты көтеретін шығармалары, Мұқағали Мақатаевтың махаббат пен адамгершілікті жырлаған өлеңдері – оқырмандардың ең сүйікті туындыларының қатарында. Сонымен қатар, Пушкин, Лермонтов, Есенин сияқты әлемдік классиктердің шығармалары да облыс оқырмандарының жүрегінен орын алған.

Облыстық кітапхананың ұйымдастыруымен облыс тұрғындары арасында таңдаулы әдеби туындыларды бірлесе оқу басталды.

Поэзия – ақынның жүрегінен шыққан, оның өмірге деген көзқарасын, сезімін, ойын білдіретін сөз өнері. Таңдаулы поэзияны оқи отырып, біз ақынның ішкі әлеміне еніп, оның көзімен дүниені көреміз, оның сезімін сезінеміз. Поэзия біздің жүрегімізді жұмсартып, жанымызды тазартады, жақсылыққа жетелейді, сұлулыққа деген құштарлығымызды арттырады.

Құрметті кітапсүйер оқырмандар, Түркістанның таңдаулы туындысын бірге оқыық!

Р.СӘРСЕБЕКОВА,
аудандық кітапхана библиографы.

«Бір ел – бір тағдыр»

1 Наурыз – Алғыс айту күніне арналған «Бір ел – бір тағдыр» атты мерекелік іс-шараны аудандық білім бөлімі Жастар ресурстық орталығымен бірлесіп ұйымдастырды. Жастар ресурстық орталығында өткен мерекеге аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ә.Шыңғысбаев, аудандық білім бөлімінің басшысы Б.Тойлыбаев, білім саласының ардагерлері, этномәдени орталықтардың, Қазақстан халқы Ассамблеясының, қоғамдық кеңестің мүшелері, аудандық білім бөліміне қарасты жалпы білім беретін мектептердің ұстаздары мен оқушылары қатысты.

Аудандағы 15 аралас мектептің ұстаздары мен шәкірттерінің өнері жиналған көпшіліктің көңілінен шықты. Өзге ұлт өкілдері қазақ халқына алғысын қазақ тілінде ән айтып, өлең оқып білдірді.

«Төлеби-ақпарат».

Момынай жалпы білім беретін мектебінің ұжымы осы мектептің биология пәні мұғалімі Тугайбаева Хафизаға анасы

ЕЛЬБАЕВА Махсуданың

қайтыс болуына байланысты көңіл айтып, қайғысына ортақтасады.

Жарамсыз деп табылсын

Ералиев Аскар Алиулына 2024 жылғы 06 қарашада ҚР Ішкі істер министрлігі берген №058158791 жеке куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

Құттықтаймыз!

Сәдуақас Темірбеков атындағы жалпы білім беретін мектептің кітапхана меңгерушісі **ШАЛҒЫНБАЕВА Гүлжан Көмекбайқызын** 60 жасқа толған туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Ол – 1 ұл, 4 қыздың аяулы анасы, 16 немеренің сүйікті әжесі.



Құрметті Гүлжан Көмекбайқызы, кітапханашы ретінде сіздің біліміңіз бен тәжірибеңіз, шығармашылық ізденісіңіз бен өз ісіңізге адалдығыңыз барлығымызға үлгі боларлық. Сіз әрдайым оқушылар мен ұстаздар үшін сенімді көмекші, кітаптардың құндылығын танытушысыз. Сіздің еңбегіңіз оқушылардың білім көкжиегін кеңейтуде, оларға рухани азық сыйлауда үлкен маңызға ие.

Сізге зор денсаулық, мол бақыт, ұзақ ғұмыр және ерқашан жақсы көңіл-күй тілейміз! Әлпештеп өсірген перзенттеріңіздің қызығын, қуаныштарын көруге жазсын! Болашақта да өзіңіздің еңбегіңізбен көпке үлгі болып, ізгі істеріңізбен айналыңыздағы адамдарға қуаныш сыйлай беріңіз!

Жеміс берсін тер төккен еңбегіңіз,
Арта берсін абырой-беделіңіз!
Таси берсін дәулет пен мерейіңіз,
Шаттық болсын әрдайым көргеніңіз!

Ізгі тілекпен, С.Темірбеков атындағы жалпы білім беретін мектептің ұжымы.

Болгария елінің астанасы – София қаласында 24 ақпан мен 2 наурыз аралығында ерлер және әйелдер арасында өткен екінші Әлем чемпионаты саналатын әйгілі Странджа Кубогына 18 мемлекеттен 300-ден астам былғары қолғап шеберлері жиналды.

Странджа Кубогы – Болгарияда жыл сайын өткізілетін бокстан халықаралық турнир.

Халықаралық турнирге Қазақстан құрамасы сапында Түркістан облысы, Төлеби аудандық №3 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің түлегі Сабырхан Төрехан 67 кг салмақта өнер көрсетіп, ақтық сайыста өзірбайжандық боксшыны 5:0 есебімен айқын басымықпен ұтып, алтын медальмен қатар турнирдің «Ең үздік боксшысы» номинациясының иегері атанды!

Жалпы, Қазақстан құрамасы бұл дәстүрлі турнирде есепте 5 алтын, 9 күміс, 4 қола медальмен жалпыкомандалық I орынға шықты. II орынды Өзбекстан құрамасы 5 алтын, 1 күміс, 2 қола медальмен иеленсе, ринг иелері – Болгария командасы 2 алтын, 3 қола медальмен III орынға тұрақтады.

Қазақстан құрама командасын, шәкіртіміз Төреханды және әріптесіміз ҚР еңбегі сіңген жаттықтырушы Илияс Оралбековті Странджа Кубогы бокс турниріндегі үздік жетістіктерімен құттықтаймыз!

Естеріңізге сала кетейін, Төрехан – жасөспірімдер және жастар арасында Азияның төрт дүркін чемпионы. 2024 жылы Черногорияда ересектер арасында Әлем чемпионы атанған болатын.


Алдағы уақытта да боксшыларымыз Әлем, Азия және халықаралық чемпионаттарда биік тұғырдан көрініп, көк туымызды көкте желбіретіп, еңұранымызды шырқата береді деп сенеміз.

Н.КЕНБАЕВ,

№3 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің әдіскері.

Түлегіміз – ең үздік боксшы!

● Бәрекедді!



Спорт – саулық кепілі

Қазіргі таңда балаларды спортқа баулудың, салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңызы зор. Ол үшін ұл-қыздарымыздың мектептен тыс уақытын тиімді пайдалану, сәулі да сымбатты, денсаулығы зор, жігерлі азамат боп қалыптасу үшін дене шынықтырумен, спортпен айналысудың қажет екендігін түсіндірген жөн. Біздің ұрпағымыз дені сау, саналы, білімді, ересі биік, денсаулығы мықты болып өсуі тиіс.



Бірінші Мамыр ауылында орналасқан «Төлеби» спортклубының түрлі іс-шараларды ұйымдастырып, оларға жеткіншектерді жұмылдырып, жас өркендердің бос уақыттарын тиімді пайдалануға қосып жүрген үлесі зор. Спортты серік еткен жеткіншектерді жеңімпаз болуға жетелеп, аянбай еңбектеніп жүрген дзюдо жаттықтырушылары Жорабеков Қанат, Әліпбеков Қазбек ағайларымызға ата-аналар атынан зор алғысымызды білдіреміз.

Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектептің 5 «а» сынып оқушысы Бөгенбай Дамир Мейрамбекұлы жаттықтырушыларының ерен еңбегінің арқасында көптеген жарыстарға қатысып, жүлделі болып жүр. Дамирге алдағы уақыттарда

тек биіктерден көріне беруіне тіліктеспіз.

Спорт клубы сонымен қатар, есірткі тұтынудың зияндылығы мен зардаптарын ұғындырып, мемлекеттік жастар саясатының жүзеге асуына өз үлесін қосып келеді.

Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, өзі шыдамды болады. Ата-бабамыз «Төні саудың – жаны сау» деп бекер айтпаған. Салауатты өмір сүру дегеніміз – тазалық сақтап, дене тәрбиесі және спортпен шұғылдану.

Қазіргі таңда қоғамдағы жат қылықтар

жастарға кері әсерін тигізуде. «Төлеби» спорт клубы жастарды болашақтың тірегі болатын, денсаулығы мықты азамат ретінде қалыптастыруда талмай жұмыстар атқаруда. Жастардың жан-жақты дамуын жастарға кері әсерін тигізуде. «Төлеби» спорт клубы жастарды болашақтың тірегі болатын, денсаулығы мықты азамат ретінде қалыптастыруда талмай жұмыстар атқаруда. Жастардың жан-жақты дамуын спортсыз елестету мүмкін емес. Спорт жаттығуларын жүйеге түсіріп, белсенді бір мақсатқа бағыттаса, оның берері көп. «Бірінші байлық – денсаулық» деген, ал сол денсаулықтың кепілі – спорт. Спорт клубында барлық бала үшін жағдай жасалған. Балаларымыз бос уақытында ұялы телефонға телмірмей, спортпен айналысып, пайдалы іспен шұғылдануда. Ата-аналардың атынан «Төлеби» спорт клубының басшыларына, қызметкерлеріне, жаттықтырушыларына жұмыстарына табыс тілейміз! Қазақстанның туын әлемдік деңгейге көтеретін спортшылар дайындап шығаратынына сеніміміз мол!

Г.АЛМАХАН,

Бірінші Мамыр ауылының тұрғыны.

Бірлестік төрағасы сайланды

Бытырғы жылдың қазан айында Төлеби аудандық өзбек мәдени бірлестігінің төрағасы ұзақ науқастан соң өмірден озып, қоғамдық ұйымның жұмысы дағдарып қалғандай күй кешкен болатын. Биылғы көктемнің алғашқы күні аудан аумағындағы өзбек бауырлар бірлестіктің жаңа төрағасын сайлауға Сұлтанрабат жалпы білім беретін мектептің акт залына жиналды.

Түркістан облыстық өзбек мәдени бірлестігі жанындағы Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Зуппархан Чалданов бастаған өкілетті топ қатысқан жиналыста төраға орнына

Тағайна орта мектебінің директоры Жамол Қадиров пен аудандық мәслихаттың депутаты, кәсіпкер Ділмұрат Омаровтың кандидатурасы ұсынылды.

Кезегімен сөз алған үміткерлер сайлана қалған жағдайда бірлестік атқаратын жұмыстар жайлы жоспарларымен бөлісті. Аудандағы өзбек диаспорасының сайлауға құқы бар әрбір 500 азаматынан іріктелген 44 делегаттың 39-ы жасырын дауыс беріп, олардың 21-і Ж.Қадировты, 18-і Д.Омаровты қолдады.

Бірлестік төрағасы болып Жамол Қадиров сайланды.

«Жарқын болашақ» жеңімпаздары

Облыстық дарынды балаларды анықтау және қолдау орталығының ұйымдастыруымен 7-11-сынып оқушылары арасында өткен «Жарқын болашақ» атты қазақ тілі бойынша олимпиадаға қатысқан төлебилік оқушылар бірнеше бағытта жеңімпаз атанды.

- «Жас қаламгер» бағытында Өңгірата жалпы білім беретін мектебінің 9-сынып оқушысы Қалмұрза Зарина II орын (мұғалімі Бакирова Гүлнар);

- «Білгірлер бәйгесі» бағытында Ақбастау

жалпы білім беретін мектебінің 9-сынып оқушысы Сабыр Ұлдана II орын (мұғалімі Рыскелдиева Ұлмира);

- Әл-Фараби атындағы жалпы білім беретін мектебінің 9-сынып оқушысы Исакова Нурхаэт III орын (мұғалімі Тлеуберлина Гүлжан);

- «Өнші бұлбұлдар» бағытында №5 мектеп-гимназияның 7-сынып оқушысы Рахим Мейрхан II орын (мұғалімі Жақсылық Әлия);

- Жыланбұзған жалпы білім беретін мектебінің 8-сынып оқушысы Ибра-

гимова София II орын (мұғалімі Акимжанова Хуршида);

- «Бейнелеушілер» бағытында №5 мектеп-гимназияның 7-сынып оқушысы Фролова Дарья III орын (мұғалімі Уразбаева Камила).

Облыстық кезеңде көрсеткен үздік нәтижелері үшін Төлеби ауданы II дәрежелі дипломмен марапатталып, «Үздік аудан» атағына ие болды.

«Төлеби-ақпарат».

Меншік иесі: «Төлеби туы kz» қоғамдық-саяси газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ЖШС ДИРЕКТОРЫ –
БАС РЕДАКТОР
РАХМАНҚҰЛОВ
Әбдімәлік
Түймебекұлы**
8-701-408-72-32

Бас редактордың орынбасары
Орынбасар СҮТТІБАЕВ (экономика және руханият)
8-706-413-11-56.
Бөлім меңгерушісі Ақжан ИМАНАЛИЕВА
(әлеумет, бұқарамен байланыс)
6-23-23, 8-702-494-81-71
Бас есепші Жанар ЕРЕЖЕПОВА
8-705-887-51-61.
Дизайнер Нұргүл Мамытханова
8-777-918-03-35 (жарнама)

Газеттің осы нөміріне жауапты кезекші
Ақжан ИМАНАЛИЕВА.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «АР-принт-1» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Баспахананың мекенжайы:
Шымкент қаласы,
Тәшенов көшесі, №24 үй.
Газетке жазылу индексі 66744
Таралымы 3024 дана. Тапсырыс №

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Редакция материалдардағы фактілердің дұрыстығына автор жауапты екендігін ескертеді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұны үшін редакция жауап бәрмейді.

«Төлеби туы» газеті Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2013 жылғы 20 маусымда тіркеліп, №13693-Г күші берілген.



Біздің мекенжайымыз: 161101, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Ленгір қаласы, Төле би көшесі, 111 "б" үй.